



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Алматы Халықаралық Мектебі арасындағы Келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 30 қыркүйек N 1191

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1996 жылғы 24 маусымда Алматы қаласында қол қойылған

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Алматы Халықаралық Мектебі
арасындағы Келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Алматы
Халықаралық Мектебі арасындағы
Келісім шарт

Қазақстан Республикасы Үкіметі Қазақстан Республикасы Білім Министрі
М.Жұрынов атымен және Алматы Халықаралық Мектебі "Куолити Скулз Интернэшнл"
бас Ұйымының президенті Джеймс Е.Гилсон атымен

дипломатиялық корпустың белсенді, кеңеюіне, Алматыдағы халықаралық ұйымдар
өкілдері мен шетелдік фирмалар санына назар аудара отырып және Қазақстан
Республикасы үшін Алматыдағы аталған шетелдік ұйымдардың қажеттілігін, сол
сияқты бұлар үшін қолайлы жағдай туғызу керектігін мойындай отырып,

дипломатиялық қызметкерлер мен аталған ұйымдар қызметкерлері балаларының
мектептік білім алу жүйесіне ең жақсы жағдай жасауға ұмтылып және бұл Қазақстан
Республикасы мен Алматыда ұйымдары бар мемлекеттер арасындағы достық пен еңбек
бірлестігін нығайтуға ықпал етеді деп есептеп

төмендегідей келісімге келді:

1. Шетелдік мемлекеттік емес, коммерциялық емес әрекеттегі ұйым есебінде және " Куолити Скулз Интернэшнл" ұйымының бір бөлімі болып есептелетін, сол сияқты мемлекеттік емес, коммерциялық емес халықаралық ұйым ретінде және АҚШ Мемлекеттік Департаменті лайықты түрде куәландырған куәлігі және гранты бар Алматы Халықаралық мектебі Қазақстанда Мектебі Қазақстан өз отбасымен еңбек етіп жатқан шетелдік дипломаттар, сарапшылар, кәсіпкерлердің талабын қанағаттандыратын бағдарлама бойынша жоғары сапалы біліммен қамтамасыз етуді м і н д е т і н е а л а д ы .

2. АХМ Қазақстан Республикасының белгіленген заңы бойынша және осы келісім шарттың негізінде қызмет етеді. Талас тудыратын жағдайларда бұл келісім шарттың ережесі Қазақстан Республикасы Конституциясының 4 бабындағы 4 тарауға сәйкес нормативтік-құқықтық акт алдында приоритет алады.

3. АХМ-ге балаларын осы мектепке беруді ұйғарған Алматы шетелдік ұйымдардың өкілдері - ата-аналардың талаптарына сәйкес ағылшын тілінде оқытылатын бағдарламаны жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Білім министрлігінен лицензия беріледі. Өздерінің оқу бағдарламаларымен қоса, АЗМ оқушылардың еркімен қазақ және орыс тілдерін, Қазақстан Республикасының тарихын, мәдениетін, экономикалық дамуын оқытуды қамтамасыз етеді.

4. АХМ өздерінің бағдарламалары мен оқу жоспарларын жасауды және оларды жүзеге асыруды міндетіне алады, сондай-ақ қызметкерлерді өз еркімен жұмысқа қ а б ы л д а й а л а д ы .

5. Қазақстан Республикасы Білім министрлігі, өзінің компетенциясы шеңберінде, АХМ-нің оқу бағдарламалары, құрылымы және мақсаттары жайында сұрауға, мәлімет а л у ғ а қ ұ қ ы қ т ы .

6. АХМ балаларды оқытуға, оқушыларды көлікпен қамтамасыз етуге, тіркеуге және басқа да жұмыс түрлеріне ата-аналар немесе олардың ұйымдары тарапынан оқуды жоғары және сапалы деңгейге көтеруге төленетін ақы алуға міндетті.

7. Келешекте АХМ оқушылары контингентінің ұлғаю мүмкіндігіне қарай және орта мектептің толық бағдарламасымен оқуға көшкен жағдайда Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті әкімшілік органдары АХМ-мен бірлесіп мектеп үйін және басқа да құрылыстарды салуға жер учаскесін тегін беру мүмкіндігін қарастырады, мұндай жағдайда жер және ол жерге салынған құрылыстар келісім шарттың мерзімі біткенде Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті әкімшілігінің иелігіне қайтарылады.

8. АХМ тек қазақстандық оқушыларға оқушылардың жалпы санының он проценті көлемінде тым төмен ақымен оқу мүмкіндігін туғызады. Төмендетілетін ақының көлемін қазақстандық оқушылардың семьялық-материалдық жағдайына қарап АХМ ә к і м ш і л і г і б е л г і л е й д і .

9. АХМ Қазақстан Республикасының белгіленген заңы бойынша Қазақстан

Республикасы Юстиция министрлігіне тіркеуге тұрады, бұл банкалық есеп ашу, келісімге отыру, Қазақстанға және Қазақстаннан ақша аудару, мүліктерді сатып алу және арендаға алу, қызметкерлерді жалдау сияқтылармен қоса, мектеп қызметін жүргізудің негізі болып табылады.

10. Қазақстан Республикасының белгіленген заңы бойынша АХМ кіріс салынған, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің "Салықтар туралы және бюджетке басқа да міндетті төлеу жөніндегі" жарлығының 4, 5, 6 тармақтарында көрсетілгеніндей жергілікті салықтан босатылады.

11. Қазақстан Республикасының белгіленген заңына сәйкес АХМ мектеп ісінде пайдаланылатын және жобаланған жаңа мектеп үйінің құрылысына қажетті материалдар мен құрал-жабдықтар, кеңсе бұйымдарын, т.б. заттарды шеттен әкелуде баж салығынан босатылады.

Сонымен АХМ өз мақсаты үшін шеттен әкелген кез келген көліктік құралдар немесе баж салынбайтын құрал-жабдықтар Қазақстан территориясында сатылмайды, егер:

- сатқаны үшін қажетті кіріс салығы немесе баж салығы төленбесе;
- сатып алушының тауарларды баж салығынсыз шеттен әкелуге құқы бар болса.

12. Қазақстан Республикасының белгіленген заң бойынша АХМ-нің шетелдік қызметкері АХМ-де істеген жұмысы үшін алған еңбек ақысынан және басқа да табыстың түрлерінен кіріс салығын төлеуден босатылады.

13. Қазақстан Республикасының белгіленген заңына сәйкес АХМ-нің шетелдік қызметкері өзінің және отбасының, басқа да өзімен бірге тұрушылардың тұтынуына арналған алғашқы мүліктенуге қажетті бұйымдарға (мебель, тұрмыстық электроника, көліктік құралдар және т.б.) баж салығынан босатылады. Сонымен АХМ шетелдік қызметкерінің алғашқы мүліктенуге қажетті бұйымдар есебінде шеттен әкелінген көліктік құралдардың кез келген түрі немесе баж салынбайтын басқа да құрал-жабдықтар Қазақстан территориясында сатылмайды, егер:

- қажетті кіріс салығы немесе баж салығы төленбесе;
- сатып алушының тауарларды баж салығынсыз шеттен әкелуге құқы бар болса.

14. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі АХМ-нің шетелдік қызметкеріне және отбасы мүшелеріне кетуге рұқсат белгісін алуға үнемі қол ұшын береді.

15. АХМ-нің шетелдік қызметкерінің Алматыға тіркелуі Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жалпы заңы бойынша жүзеге асады.

16. АХМ әкімшілігі АХМ-нің жергілікті қызметкеріне қатысты Қазақстан Республикасының еңбек заңы ережелерін сақтауға міндетті, сонымен қатар оларға Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің дипломаттық өкілдермен жұмыс Департамент арқылы Қазақстан Республикасы азаматынан алынатын кіріс салығының

барлық түрлерін төлеу міндетін орындауға көмектесу қажет.

17. Екі жаққа қатысты кез келген талас мәселелер бейбітшілік арбитраж жолымен немесе басқа да өзара қолайлы жолмен шешіледі.

18. Осы келісім шарт Қазақстан Республикасының ішкі заңдарына сәйкес қажетті процедуралардан өткеннен кейін күшіне енеді, бұнымен екі жақтағылар хабарландырылады және келісім шарт Қазақстан Республикасы Білім министрлігі мен Алматы Халықаралық Мектебі арасында ауыстырылады.

19. Келісім шарт 10 жыл мерзімге жасалады. Оның мерзімі, егер

екі жақтың біреуі өзінің шартты бекерге шығару ниетін мерзімі біткенге дейін алты ай бұрын жазбаша хабарламаса, тағы 10 жылға автоматты түрде ұзартылады.

20. 24 маусымда 1996 жылы Алматыда екі данада дайындалды, әрқайсысы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде, сонымен бірге барлық текстер бірдей күшке ие.

Екі жақтың осы келісім шартының түсініктемесінде алшақтық болған жағдайда, орыс тіліндегі текст басшылыққа алынады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметі үшін

Алматы Халықаралық
Мектебі үшін

М.Жұрынов
Қазақстан Республикасы
Білім министрі

Д.Гилсон
"Куолити Скулз Интернэшнл"
Президенті